

Бір жолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы

Күші жойған

Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1685. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 618 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.29 N 618 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (Салық кодексі)" қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1

2

3. Кейбір бұйрықтар осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жойылған деп т а н ы л с ы н .

4

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы Министрі*
Б. Жәмішев
*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 29 желтоқсандағы
N 618 бұйрығына*

9-қосымша

Күші жойылған деп танылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Бір жолғы талондарды беру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1685 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл N 4).

2

3

4

5

6

7. ...

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген Бір жолғы талондарды беру Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) б е к і т і л с і н .

2. Өндірістік емес төлемдер департаменті (Ю.Тілеумұратов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен к е л і с с і н ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Өндірістік емес төлемдер департаментіне (Ю.Тілеумұратов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а р ж ы м и н и с т р і

2001 ж. 2 қараша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 30 қазандағы
N 1469 бұйрығымен
бекітілген

Бір жолғы талондарды беру ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі) 369 және 373-баптарын іске асыру мақсатында әзірленген, бір жолғы талондарды беру тәртібін айқындайды және бір жолғы талондардың нысанын бекітеді.

2 . < * >

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 6 қарашадағы N 441 бұйрығымен .

Ескерту: 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының - 2003 жылғы 6 қарашадағы N 441 бұйрығымен .

2. Бір жолғы талондарды беру тәртібі

4. Бір жолғы талондар қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін беріледі. Салық төлеушінің ынтасы бойынша бір жолғы талон осы Ережелердің 1-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір күнге бергендей, одан ұзағырақ мерзімге берілуі мүмкін, бірақ осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір айдан аспауы керек. Бір күннен астам мерзімге бір жолғы талонды беру жағдайында, оның құны бір жолғы талонның қызмет ету күнінің санына жергілікті өкілдік органдарының шешімімен белгіленген көбейту жолымен а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту: 4-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 6 қарашадағы N 441 бұйрығымен .

5. Бір жолғы талонды беру Салық төлеушінің куәлігін көрсеткен кезінде жүргізіледі.

6. Бір жолғы талон қолданысы мерзімінің аяқталуына дейін қызметті тоқтату кезінде, қызметін жүзеге асыру жағдайларын уақытша тоқтата тұру немесе өзгерту кезінде бір жолғы талон құнының төленген сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

7. Қызметі мезеттік сипаттағы жеке тұлғаларға бір жолғы талондар осы Ережелерге 2-Қосымшаға сәйкес қызметтің түрлеріне беріледі.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 417 , ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2005 жылғы N 534 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2006 жылғы 29 қарашадағы N 601 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

7-1. Бір жолғы талондар базарларда сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға базарларда сату - қызмет түріне беріледі. Көрсетілген осы қызмет түрінің бір жолғы талонының құны кіріс алынатын объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып б е л г і л е н е д і .

Бір жолғы талонды беру базарларда сатуды жүзеге асыратын әрбір тұлғаға ж е к е жү р г і з і л е д і .

Бір жолғы талондарды әр түрлі құны белгіленген тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға беру бір жолғы талонның неғұрлым жоғарғы құны бойынша жүргізіледі.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық

комитеті Төрағасының 2005 жылғы N 534 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

8. Бір жолғы талон бір жолғы талонда көрсетілген қызметті жүзеге асыру орны бойынша жарамды.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір жолғы талондарды беру бойынша жұмысты ұйымдастырушы мемлекеттік органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар) :

1) бір жолғы талондардың түбіршектерін толықтығын, дұрыс толтыруын және сақталуын ;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіпте берілген бір жолғы талондардың сомасын бюджетке аударуды;

3) Бір жолғы талондарды беруді (алуды) тіркеу журналында (бұдан әрі - журнал) бір жолғы талондарды берудің есебін жүргізуді қамтамасыз етеді.

Егер берілген бір жолғы талондардың орташа күндік саны 200 данадан асса, журнал осы Ережелерге 3-6-қосымшаларға сәйкес мәліметтерді беруге мүмкіндік беретін электрондық түрде арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету жолымен жүргізіледі .

Журналда әрбір салық төлеушінің СТН, бір жолғы талонның сериясы мен нөмірі, қызметті жүзеге асыру орнын, бір күнге бір жолғы талонның құны, бір жолғы талонның қызмет ету кезеңіне құны, бір жолғы талонның қызмет ету мерзімін көрсете отырып есеп жүргізіледі;

4) есептіден кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей ай сайын салық органына мынадай мәліметтерді береді :

осы Ережелерге 3-Қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметі бір жылда 90 күннен асатын жеке тұлғалар бойынша;

осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес бір жолғы талондардың пайдаланылған және бүлінген бланкалары туралы;

осы Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес бір жолғы талондардың қалдығы туралы ;

осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес бір жолғы талондарды беруден бюджетке аударылған сомалар туралы;

осы Ережелерге 7-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалар бір жолғы талондарды сатып алған 30 күннің аяқталатын күні туралы;

5) есептіден кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей ай сайын салық органына бір жолғы талондардың түбіршектерін, бүлінген және пайдаланылмаған бір жолғы талондардың бланкілерін тапсырады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық

комитеті Төрағасының 2005 жылғы N 534 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2006 жылғы 29 қарашадағы N 601 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 ж. 30 қазандағы N 1469
бұйрығымен бекітілген
Е р е ж е л е р г е

1 қосымша

Бір күнге берілген біржолғы
талонның түбіртегі талон
Төлеушінің аты-жөні (атауы)

Бір күнге берілген біржолғы
Төлеушінің аты-жөні (атауы)

Төлеушінің СТН-і _____
Қызметті жүзеге асыру орны _____

Төлеушінің СТН-і _____
Қызметті жүзеге асыру орны _____

Біржолғы талонның қолданылу
мерзімі (жазумен):
200__ ж. "_____" _____
200__ ж. "_____" _____ бойынша.
Бір күндік бір жолғы талонның
құны (Ірі әріпті жазумен, бос жол
бойынша - сызықша қою), теңге:

Біржолғы талонның қолданылу
мерзімі (жазумен):
200__ ж. "_____" _____
200__ ж. "_____" _____ бойынша.
Бір күндік бір жолғы талонның
құны(Ірі әріпті жазумен, бос
жол бойынша - сызықша қою),
т е ң г е :

Бір жолғы талонның қолданыс
мерзіміндегі бір жолғы талон құны
(Ірі әріпті жазумен, бос
жол бойынша - сызықша қою), теңге:

Бір жолғы талонның қолданыс
мерзіміндегі бір жолғы талон
құны(Ірі әріпті жазумен, бос
жол бойынша - сызықша қою),
т е ң г е :

Біржолғы талонды берген лауазымды
органның аты-жөні:

Біржолғы талонды берген
лауазымды органның аты-жөні:

Берген күні: күні__ айы __
200_ жылы

М.О.

Лауазымды тұлғаның қолы:

СЕРИЯСЫ __ 916 N __

Берген күні: күні__ айы __
200_ жылы

М.О.

Лауазымды тұлғаның қолы:

СЕРИЯСЫ __ 916 N __

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 30 қазандағы
N 1469 бұйрығымен
бекітілген Ережелерге

1-1-қосымша

*Ескерту: 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі салық
комитеті төрағасының 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 182 бұйрығымен .*

Бір күнге берілген біржолғы
талонның түбіртегі
Төлеушінің аты-жөні (атауы)

Төлеушінің СТН-і _____
Қызметті жүзеге асыратын орны

Біржолғы талонның қолданылу
кезеңі (жазумен) _____ кезеңі (жазумен)
200__ ж. " _____ " _____
_____ арналған

Бір күнге берілген біржолғы
талонның құны (жазумен, бас
әріппен, бос қалған жол бойынша
-сызықша), теңге:

Біржолғы талон берген уәкілетті
органның атауы: _____

Берген күні: күн __ ай __ жыл
200__ 200__
М.О. М.О.

Бір күнге берілген біржолғы
талон
Төлеушінің аты-жөні (атауы)

Төлеушінің СТН-і _____
Қызметті жүзеге асыратын орны

Біржолғы талонның қолданылу
кезеңі (жазумен) _____ кезеңі (жазумен)
200__ ж. " _____ " _____
_____ арналған

Бір күнге берілген біржолғы
талонның құны (жазумен, бас
әріппен, бос қалған жол бойынша
-сызықша), теңге:

Біржолғы талон берген уәкілетті
органның атауы: _____

Берген күні: күн __ ай __ жыл

Лауазымды тұлғаның қолы: _____

Серия __ 916 N _____

Лауазымды тұлғаның қолы: _____

Серия __ 916 N _____

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 ж. 30 қазандағы N 1469
бұйрығымен бекітілген
Е р е ж е л е р г е

2 Қосымша

**Салық кодексінің 373-бабына сәйкес жүзеге
асырылатын кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі**

Ескерту: 2-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2005 жылғы N 534 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

1. Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы):
- 1) газеттер мен журналдар;
 - 2) тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет);
 - 3) бақша дақылдары;
 - 4) саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер;
 - 5) үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері;
 - 6) жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп;
 - 7) сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық .

2 . < * >

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 29 қарашадағы N 601 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

3. Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері .

4. Жолаушылар (лицензиялы тасымалдардан басқасы) тасымалдау бойынша жеке жеңіл автомобильдері иелерінің қызмет көрсетулері.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 29 қарашадағы N 601 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

5. Үй жануарлары мен құстарды жаю.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 ж. 30 қазандағы N 1469
бұйрығымен бекітілген

Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 182 бұйрығымен .

_____ (облыс, қала, аудан)

_____ (уәкілетті органның атауы)

бойынша Салық комитеті

200__ ж. _____ үшін біржолғы талон
(а й ы)

**бланктерін пайдаланғаны және бүлінгені туралы
мәліметтер**

N р/с	Бір жолғы талон түрлері	Сериясы _____ден _____дейінгі N	Саны
----------	-------------------------------	---	------

I. Пайдаланған бір жолғы талон бланктері

			х
			х

Б ә р і

II. Бүлінген бір жолғы талон бланктері

			х
			х

Б ә р і

Б а р л ы ғ ы

Уәкілетті органның басшысы: _____

(қолы)

(Аты-жөні)

Күні 200__ ж."__"_____

Салық органының белгісі

(Мәліметті қабылдап алған лауазымды тұлғаның аты-жөні) (қолы)

Күні 200__ ж."__"_____

Салық органының коды _____

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 ж. 30 қазандағы N 1469
бұйрығымен бекітілген
Е р е ж е л е р г е

5 Қосымша

*Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі салық комитеті
төрағасының 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 182 бұйрығымен .*

(облыс, қала, аудан)

(уәкілетті органның атауы)

бойынша Салық комитеті

200__ ж. _____
(а й ы)

біржолғы талондардың қалдығы туралы мәліметтер

N	Бір жолғы	Біржолғы талон бланктерінің саны
p/c	талондар	<i>алынып</i> _____ <i>алынып</i>
	түрлері	<i>тасталды</i> Айдың Есепті Есепті Есепті Айдың <i>тасталды</i>
		<*> басын. айда айда айда аяғын. <*>
		дағы алынды пайда. бүлінді дағы
		қалдық ланды қалдық
1	2	3 4 5 6 7 8 9

Б а р л ы ғ ы х

Уәкілетті органның басшысы: _____
(қолы) (Аты-жөні)

Күні 200__ ж."__"_____

Салық органының белгісі

(Мәліметті қабылдап алған лауазымды тұлғаның аты-жөні) (қолы)

Күні 200__ ж."__"_____

Салық органының коды _____

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 ж. 30 қазандағы N 1469
бұйрығымен бекітілген
Е р е ж е л е р г е

6 Қосымша

_____ (облыс, қала, аудан)

_____ (уәкілетті органның атауы)

бойынша Салық комитеті

200__ ж. _____ үшін біржолғы талондарды
(а й ы)

өткізуден бюджетке есептелген сомасы туралы
мәліметтер

N	Есептелген күні	Төлем құжатының	Сомасы
р / с			N
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

Б а р л ы ғ ы _____ х

Уәкілетті органның басшысы: _____
(қолы) (Аты-жөні)

Күні 200__ ж."__"_____

Салық органының белгісі

(Мәліметті қабылдап алған лауазымды тұлғаның аты-жөні) (қолы)

Күні 200__ ж. "___" _____

Салық органының коды _____

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 30 қазандағы
N 1469 бұйрығымен бекітілген
Бір жолғы талондарды беру

Ережелерге 7 қосымша

Ескерту: 7 қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 29 қарашадағы N 601 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

(облысы, қаласы, ауданы)

бойынша салық комитетіне _____

(уәкілетті органның атауы)

**Жеке тұлғалар бір жолғы талондар
сатып алған 30 күннің аяқталатын күні туралы
мәліметтер**

Р/с N	Аты-жөні	СТН-і	Бір жолғы талондар сатып алынған 30 күннің аяқталатын күні
1			
2			
3			
және тағы сол сияқты			

Уәкілетті органның басшысы _____

(қолы) (аты-жөні)

М.О.

200 _____ ж. " _____ " _____

Салық органының белгісі

(Мәліметтерді қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні) (қолы)

200 _____ ж. " _____ " _____

Салық

органының коды _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК